

**"Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2011 жылғы 10 маусымдағы № 385 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 14 шілдеде № 7063 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2012 жылдың 18 мамырдағы № 362 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2012.05.18 № 362 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.**

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 1 тармағының 5) тармақшасына және 145-бабының 1), 2), 3), 9), 15), 13), 19), 25), 26) тармақшаларына сәйкес  
**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (К.С. Оспанов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаменті (С.А. Таласпаева) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялауды қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і н м і н д е т і н*

*атқарушы* *С.Мусинов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і н

м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң

**«Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

1. «Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесі (бұдан әрі - Санитариялық ереже) Қазақстан Республикасының аумағында бактериологиялық, вирусологиялық және паразитологиялық зерттеулер жүргізу бойынша зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға және жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

2. Санитариялық ереженің талаптары құрамында биологиялық агенттермен жұмыс жүргізетін зертханалары бар ұйымдардың қызметіне қолданылады.

3. Осы Санитариялық ереженің қолданылуы азаматтарға, ведомстволық тиесілігіне және меншік нысанына қарамастан жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға таратылады.

4. Осы Санитариялық ереженің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдары мен ұйымдары өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

5. Осы Санитариялық ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) авариялық жағдай (бұдан әрі – авария) – персоналдың жұқтыру немесе өндірістік аймақтың, қоршаған ортаның ауасына патогенді биологиялық агент бөлудің нақты немесе ықтимал мүмкіндігін тудыратын биологиялық материалмен жұмыс істеу кезінде зертханада пайда болатын қалыптан тыс жағдай;

2) бактериологиялық зертхана – биологиялық материал мен қоршаған орта объектілерінен бактериялардың бөлінуі, антигендерді, антиденелерді анықтау және олардың қасиеттерін зерделеу жөніндегі зерттеуді орындаушы зертхана;

3) биологиялық агенттер немесе уыттар – бұл микроорганизмдер және адамның немесе жануардың организміне, сондай-ақ өсімдікке түскенде немесе жанасқанда олардың ауруын немесе өлімін тудыру мүмкіндігі бар бактериядан,

өсімдіктен немесе жануардан пайда болатын белок табиғатының күрделі қосындылары ;

4) биологиялық қауіпсіздік – жұмыс істейтін персоналды, халықты және қоршаған ортаны БА әсерінен қорғауға бағытталған медициналық-биологиялық, ұйымдастыру және инженерлік-техникалық іс-шаралар және құралдар жүйесі;

5) биологиялық қорғаныш (бұдан әрі – биокорғаныш) – БА мен уыттардың жоғалуын, ұрлануын, дұрыс пайдаланылмауын, диверсиясын, санкцияланбаған қолжетімдікті немесе әдейі рұқсатсыз алып шығуды болдырмау мақсатында оларды қорғауды, бақылауды және есепке алуды қамтамасыз ету;

6) биологиялық қауіпсіздік боксы (бұдан әрі – БҚБ) – персоналдың жұқтыруы және жұмыс аймағы мен қоршаған ортаның ауасында контаминация мүмкіндігін болдырмау мақсатында микроорганизмдерді физикалық оқшаулау (жұмыс аймағынан бақылап шығару және ұстап тұру) үшін пайдаланылатын құрылым;

7) бокс үй-жайы (бұдан әрі – бокс) – тамбуры бар (бокс алды бөлмесі) оқшауланған үй-жай ;

8) виварий – кейіннен эксперименттер үшін жіберілетін зертхана жануарларының сан алуан түрлері ұсталатын және көбейтілетін ұйымның бөлімшесі ;

9) вирусология зертханасы - биологиялық материал мен қоршаған орта объектілерінен вирустардың бөлінуі, антигендерді, антиденелерді анықтау және олардың қасиеттерін зерделеу жөніндегі зерттеуді орындаушы зертхана;

10) «жұқпалы» аймақ – патогендік биологиялық агенттермен (бұдан әрі – ПБА) немесе ПБА-ны жұқтыруға күдікті материалмен манипуляция және оларды сақтау жүзеге асырылатын зертхананың үй-жайы немесе үй-жай топтары;

11) маңызды объектілер (эпидемиологиялық-, эпизоотиялық-, фито-) – әкелінетін өнім және (немесе) қызмет Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздік және биологиялық қорғаныш (санитариялық-эпидемиологиялық, санитариялық-ветеринариялық, фито-санитариялық салауаттылық) саласындағы заңнамасының талаптарын бұзған кезде халық арасында тағамнан улану, зақымдану және инфекциялық (паразиттік) аурулардың өршуінің пайда болуына әкеп соқтыруы мүмкін объектілер ;

12) инсектарий – эксперименттік мақсаттар үшін қолданылатын жәндіктерді ұстауға, шығаруға немесе көбейтуге арналған ұйымның бөлімшесі;

13) бақылау-өткізу пункті (бұдан әрі – БӨП) – адамдар және рұқсат етілген көлік құралдарының түрлерін объектіге өткізуді қамтамасыз етуге арналған арнайы үй-жай ;

14) зертхана – биологиялық агенттермен және (немесе) уыттармен жұмыс істеуге арналған объекті шегіндегі үй-жайлар жиыны;

15) микробиологиялық зертхана – биологиялық материал мен қоршаған орта

объектілерінде миркоорганизмдерді анықтау және олардың қасиеттерін зерделеу жөніндегі зерттеуді орындаушы зертхана;

16) микробиологиялық организмдер (немесе микроорганизмдер) – бұл жағдайға және концентрациясына байланысты адамның организміне түскенде немесе жанасқанда ерекше күрделі әсер ететін мүмкіндігі бар белок табиғатының күрделі қосындылары болып табылатын бактериялар, вирустар, микоплазмалар, риккетсиялар, хламидиялар және грибтар;

17) объект – функционалдық бөлімше (зертхана) және онымен байланыстағы ғимараттар, үй-жайлар және биологиялық агенттермен жұмыс істеу үшін пайдаланылатын жабдық;

18) тәуекелді бағалау – БА-ның енуі мен таралуының және осылармен байланысты әлеуетті әлеуметтік, медициналық-биологиялық, фито-ветеринариялық, экологиялық және экономикалық салдарлардың мүмкіндігін ғылыми негізде бағалау;

19) патогенді биологиялық агенттер (бұдан әрі - ПБА) – адамдарға патогенді микроорганизмдер (бактериялар, вирустар, хламидиялар, риккетсиялар, қарапайым грибоктар, микоплазмалар), генді-инженерлік-түрлендірілген микроорганизмдер, биологиялық пайда болған улар (уыттар), гельминттер, сондай-ақ құрамында санамаланған агенттердің болуына күдікті (қан, басқа да биологиялық сұйықтықтар және организмнің экскреттерін қоса алғанда) материал;

20) паразитология зертханасы - биологиялық материал мен қоршаған орта объектілерінде гельминттер мен қарапайымдыларды анықтау және олардың қасиеттерін зерделеу жөніндегі зерттеуді орындаушы зертхана;

21) периметр – қоршайтын құрылыс конструкцияларымен (кедергілермен) және бақылау-өткізу пункттерімен жабдықталған күзетілетін аумақтың (аймақтың) шекарасы;

22) күзет сигнализациясы – күзетілетін объектіге кіруді (кіру әрекетін) анықтауда бірге жұмыс істейтін техникалық құралдардың, кіру (кіру әрекеті), сондай-ақ басқа қызметтік ақпарат туралы ақпаратты жинаудың, өңдеудің, тұтынушыға берілген күйде берудің және ұсынудың жиынтығы;

23) жылу бөлмесі – тұрақты берілген температураны қамтамасыз ететін жылу оқшаулайтын материалмен жабдықталған бөлме;

24) объектінің (үй-жайдың) техникалық нығайтылуы – ғимараттардың, үй-жайлардың, олардың периметрлерінің, күзеттің арнайы техникалық құралдарының (күзет, дабыл сигнализациясының жүйесі; қолжетімдікті бақылау жүйесі; теледидарлық бақылаудың бейне бақылау және бейне сақтау жүйесі; радиоактивтік, химиялық және өзге де уландырғыш заттарды анықтау детекторы; қаруларды, жарылыс заттары мен құрылғыларын анықтау детекторы) және өрт

сигнализациясының, оның ішінде автоматты түрде анықтау және өртті сөндіру  
ж ү й е л е р і н і ң ж и ы н т ы ғ ы ;

25) «шартты-жұқпалы аймақ» – «жұқпалы» аймақ шегіндегі үй-жай немесе  
ү й - ж а й л а р д ы ң т о б ы ;

26) «таза» аймақ – БА-мен манипуляция жүргізілмейтін зертхананың  
үй-жайы немесе үй-жайлар тобы.

## **2. Зертхана үй-жайларына және орналасуына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар**

6. Зертханалардың аумақтары, ғимараттары «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі № 242-ІІ Заңының талаптарына сәйкес болуы және осы Санитариялық ереженің 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес үй-жайлары мен алаңдар жиыны болуы тиіс.

7. Зертханалардың ғимараттары жеке жер учаскелерінде орналастырылуы тиіс. Жер учаскесінің аумағы қоршалуы, таза ұсталуы тиіс, онда зертханалардың жұмысына тікелей қатысы жоқ объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

8. Патогендігі I-II топтағы ПБА-мен және патогендігі I-II топтағы ПБА-ны жұқтыруға күдікті материалмен жұмыс жүргізетін стационарлық зертханаларға арналған қоршау күрделі құрылыс болуы және типтік жобамен салынуы тиіс.

9. Сыртқы қоршауда құлыптанбайтын есіктің, қақпалардың, кіші есіктердің, сондай-ақ еркін өтіп кетуге болатын қуыстардың және басқа да бұзулардың  
б о л у ы н а ж о л б е р і л м е й д і .

10. Қоршауға периметрінің бір бөлігі болып табылатын ғимараттардан басқа қандай да бір жапсарлас салынулар жанаспауы тиіс, бұл ретте күзетілетін аумаққа шығатын ғимараттардың бірінші қабаттарының терезелері металл  
т о р л а р м е н ж а б д ы қ т а л у ы т и і с .

11. Аумақтың қоршауының периметрі бойынша күзет жарығы орнатылады.

12. Зертхана күзет сигнализациясымен жабдықталуы тиіс. Зертхананы бірінші қабатта орналастырған кезде барлық терезелерінде темір торлар болуы тиіс, күзет сигнализациясының қажеттілігі болады. Патогендігі I-II топтағы ПБА-ны сақтау орындарында терезелердің тор темірлері ұясы 150x150 мм болатын, диаметрі кемінде 16 мм болатын болат шыбықтардан жасалуы тиіс.

13. Уақытша зертханалар (эпидемиологиялық жасақтар, экспедициялар) қауіпсіздік талаптары сақталған кезде, сумен, электр қуатымен, жергілікті кәрізбен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілгенде ыңғайланған ғимараттарда, үй-жайларда орналасуы мүмкін. Қоршау ретінде кәдімгі шарбақтар (ағаштан, темірден, темір тордан, тордан жасалған) пайдалануға жол беріледі.

Шарбақтардың жоғарғы жағына қосымша «Үшкір» типтегі сым-тікен орнатылуы  
т и і с .

14. Зертхананың үй-жайлары өзінің тікелей міндеті бойынша пайдаланылуы,  
оларда қызметтік міндеттерді орындаумен байланысты емес жұмысты жүргізуге  
ж о л б е р і л м е й д і .

15. Зертханалардың үй-жайлары конструктивті сәулеттік-жобалық  
орындалуы және жиынтықта рұқсатсыз енуден тиісінше қорғауды қамтамасыз  
ететін техникалық қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталуы тиіс.

16. Эксперименттік, диагностикалық және өндірістік жұмыстарды жүргізумен  
, сондай-ақ патогендігі I-II топтағы ПБА-ын сақтаумен айналысатын  
объектілерде өткізу режимі орнатылады.

17. Өткізу режимі орнатылған объектілер БӨП-мен жабдықталады.

18. Жаңа зертхана (бөлімшелер) салу және жұмыс істеп тұрған зертхананы  
реконструкциялау жобалары аумақтық мемлекеттік  
санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен келісіледі.

19. Зертханада су құбыры, кәріздеу, электр жабдығы, орталықтан жылыту  
және ыстық сумен жабдықтау, желдету, механикалық сыртқа тарату желдеткіші  
бар бокстар немесе БҚБ болуы тиіс.

20. Елді мекенде орталықтандырылған су құбыры мен кәріздеу болмаған  
жағдайда жергілікті су құбыры мен кәріздеу орнатылуы тиіс. Зертханалар  
персонал қолын жууға арналған раковиналармен және ыдыс пен мүкәммалды  
жууға арналған раковинамен немесе ванналармен жабдықталуы тиіс.

21. БҚБ-ы және сору шкафтары желдеткіштерінің ажыратқыштары олардың  
қасында, шкафтарда және БҚБ-да орналастырылатын аспаптарды қосуға  
арналған розеткалар - сыртқы панелде, газ крандары - алдыңғы борттарда,  
штепсельді розеткалар - сору шкафынан немесе БҚБ-дан тыс жұмыс үстелінің  
артқы жанында орналасуы тиіс.

22. Зертхана үй-жайларындағы ауа температурасы 18-21<sup>0</sup>С шекте болуы тиіс.  
Үшінші және төртінші климаттық аймақтардың аудандары үшін жазғы мезгілде  
ауаны салқындатқышы бар ауа баптағыш орнатылады. Жұқпалы материалмен  
жұмыс істеген кезде ауа баптағыш ажыратылуы тиіс.

23. Зертхана үй-жайларында табиғи және жасанды жарықтандыру болуы тиіс.  
Люминесценттік микроскоппен жұмыс жүргізілетін бөлмеде, фото бөлмеде,  
себезгі бөлмесінде, санитариялық тораптарда, қойма үй-жайларында табиғи  
жарықтандыру көзделмеуіне жол беріледі. Бокстардың терезе жақтаулары  
тығыздайтын төсемдерді қолдана отырып, орындалуы тиіс.

24. Үй-жайлардың ішін әрлеу олардың функционалдық мақсатына сәйкес  
орындалуы тиіс. «Жұқпалы» аймақтың зертханалық үй-жайларында едендердің,

кабырғалардың, төбелерінің беті тегіс, тез өңделетін, жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді болуы тиіс, еденінің беті тайғақ болмауы тиіс.

25. Зертхананың екі есігі болуы тиіс. Персонал үшін кіреберіс есікте санитариялық өткізу көзделеді.

26. Бокстардың және басқа бөлмелердің терезелері мен есіктері тас қылып жабылуы тиіс. Терезе желдеткіштері жәндіктерден тормен қорғалуы тиіс. Есіктердің құлыптанатын құрылғылары болуы тиіс.

27. Патогендігі I-II топтағы ПБА-мен жұмыс жүргізілетін зертханалардың кіру есіктері мынадай параметрлерге бара-бар төзімді болуы тиіс:

1) екі жағынан да қалыңдығы кемінде 0,6 мм жұқа болатпен есіктің ішкі бетіне қарай немесе төсемнің периметрі және диагоналы бойынша 3 мм диаметрмен, 40 мм ұзындықпен және кемінде 50 мм қашықтықпен шегелермен бекітіліп, төсемнің сыртына қарай күшейтіліп қапталған ағаш есіктер;

2) ағаш төсемдерді металл жапсырмалармен қосымша күшейтілген ағаш есіктер;

3) қалыңдығы кемінде 4 мм металл болат есіктер.

28. Зертханалардың кіреберіс есіктерін құлыптау үшін өздігінен жабылмайтын бұрандалы құлыптар немесе цилиндрлік пластиналы және цилиндрлік бір қатарлы штифттік типтегі құлыптар қолданылады.

29. Зертханада «таза», «шартты-жұқпалы» және «жұқпалы» аймақтар болуы тиіс.

30. Зертханалардың үй-жайларын жоспарлау жоспары «таза» және «жұқпалы» аймақтардың бір-бірімен қиылысуын болдырмауы тиіс. Үй-жайлардың есіктеріне олардың мақсаты көрсетілген тақтайша ілінеді.

31. Тіркеу орны және сынамаларды қабылдауға арналған үй-жай зертханаға кіреберісте орналасуы тиіс. Зертханада материал жинауға арналған пункт болған кезде персоналға және тексерілетін адамдар үшін бір-бірінен бөлек дәретханалар көзделеді.

32. Өндірістік қажеттілікке кезінде зертхана боксқа кіреберісі бар жылу бөлмесімен жабдықталады.

33. Барлық бокстарда боксқа кіреберісі болуы тиіс, оған қол жууға арналған раковина (қолжуғыш), айна және дезинфекциялау ерітінділері бар сыйымдылық ыдыс орнатылады. Авариялық немесе жарық сигнализациясы бокстан персонал тұрақты болатын үй-жайға шығарылуы тиіс.

34. Жұмыс орындарына негізгі өту жолының немесе жабдықтардың екі қатары арасындағы негізгі өту жолының ені шығыңқы құрылымды ескере отырып, кемінде 1,5 метр болуы тиіс.

35. Дәліздерде өртке қарсы мүкәммал жиыны бар қалқалар орналастырылады. Отпен немесе жарылатын реактивтермен және өртенуге қауіпті қыздырылатын

аспаптармен жұмыс жүргізілетін үй-жайларда өрт сөндіргіштер болуы тиіс. Өрт болған жағдайда, патогендігі I-II топтағы ПБА сақталатын тоңазытқыштар ( термостаттар, сейфтер) сыртқа шығарылмайды.

36. Зертхананың ішінен ілмек орнату кезінде өртке қарсы мынадай қауіпсіздік шарттарын орындау қажет:

1) ғимараттың сыртқы пайдалану есіктерінде кілтсіз ішінен ашылмайтын ілмектері болмауы тиіс;

2) жалпы дәлізге шығатын баспалдақ торларының есіктері, лифт холлдарының тамбур-шлюздердің есіктері сәл жабылатын өздігінен жабылу және бекуге арналған құралдармен жабдықталады және оларды кілтсіз ашуға кедергі жасайтын ілмектер болмауы тиіс.

37. Зертхана жиһазы ылғал мен дезинфекциялау заттарының әсеріне төзімді, ашық түсті боялған болуы тиіс.

38. ПБА-мен жұмыс жүргізілетін үй-жай бактерицидті шамдармен жабдықталуы тиіс. Журналға белгі қоя отырып, әрбір шамның жұмысының уақыт есебін жүргізу қажет.

39. Зертхана жұмысында қолданылатын аспаптар, жабдық және өлшеу құралдары аттестатталған болуы, техникалық жарамды болуы, техникалық паспорты болуы және биологиялық қауіпсіздік талаптары ескерілген пайдалану жөніндегі жұмыс нұсқаулығы болуы тиіс. Өлшеу құралдары белгіленген мерзімде метрологиялық бақылауға жатады.

40. Жаңа жабдықтарды, аспаптарды пайдалануға енгізу, ПБА-мен жұмысқа арналған жаңа әдістемелерді пайдалану олардың жұмыс істейтін персоналды қорғауға сенімділігіне кешенді сараптамадан кейін ғана жүзеге асырылады.

41. Зертханалық жабдықтардың және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін инженерлік-техникалық жүйелердің жоспарлы-жөндеу жұмыстарын жылдық кестеге сәйкес инженерлік-техникалық қызмет және мамандар жүзеге асырады.

42. Аумақта виварий болған кезде оның және тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттардың арасындағы қашықтық кемінде 50 метр болуы тиіс.

### **3. Патогендіктің I-IV топтағы микроорганизмдерімен жұмыс істеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

43. Меншік нысанына қарамастан әрбір зертхананың осы Санитариялық ережеге 6-қосымшаға сәйкес патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істеуге осы Санитариялық ережеге 5-қосымшаға сәйкес биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – режим комиссиясы) рұқсаты болуы тиіс.

44. Осы Санитариялық ережеге 7-қосымшаға сәйкес гельменттермен (далалық, эксперименталдық, өндірістік және диагностикалық) жұмыс жүргізуге:

1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы өкілетті органның орталық режим комиссиясы (ОРК) ғылыми-зерттеу институттарына (ғылыми орталықтарға), республикалық аурухана ұйымдарына, республикалық санитариялық-эпидемиологиялық станциясына, облыстық, қалалық (Алматы, Астана) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарына, обаға қарсы күрес станцияларына, сондай-ақ республикалық және облыстық маңызы бар басқа да ведомстволардың мекемелеріне патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс жүргізуге;

2) облыстық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органының жанындағы тиісті режим комиссиясы қалалар мен аудандардың аумақтарында орналасқан зертханаларға патогендігі III-IV топтармен және гельминттермен жұмыс жүргізуге;

3) обаға қарсы күрес станциясына тиісті эпидемияға қарсы жасақтардың зертханаларына I-II топтармен жұмыс жүргізуге рұқсат береді.

45. Режим комиссиясының құрамына санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарының тиісті деңгейдегі мамандары енгізілуі тиіс. Патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдерімен және гельминттермен жұмыс істеуге рұқсат мына құжаттар негізінде 5 жыл мерзімге беріледі:

1) үй-жайлардың қолданылу мақсатын және «таза», «жұқпалы ағым» қозғалысы схемасын көрсете отырып, зертханалардың схемасын қоса бере отырып, режим комиссиясының зертхана бейініне сәйкес мамандарының зертхананы тексеру актісі;

2) ұйым (орталықтар, зертханалар) басшыларының өтініші;

3) орындалатын зерттеулер номенклатурасын, материалдық базасын, кадр құрамын және персоналдың кәсіби даярлығын көрсетілген түсіндірме жазба;

4) ОРК сарапшыларының зертхана профиліне сәйкес қорытындысы.

46. Осы Санитариялық ереженің бұзушылығы анықталған кезде зертхана Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіппен патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдермен және гельминттермен жұмыс істеуге берілген рұқсатынан айырылады.

47. Патогендігі I-IV топтағы қоздырғыштарды және гельминттерді жұқтырған немесе оларды жұқтыруға күдікті материалдармен жұмыс істеуге рұқсат берудің шарттары мыналар болып табылады:

1) мамандардың жұмысқа қабылданар алдында алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден өтуі;

2) «Қарсы профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізу ережесін және халықтың жоспарлы егілуге жатқызылатын топтарын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2295 қаулысына сәйкес профилактикалық егулер алу.

48. Патогендігі I-II топтардағы қоздырғыштарды жұқтырған немесе оларды жұқтыруға күдікті биологиялық материалдармен жұмыс істеуге рұқсат берудің шарттары мыналар болып табылады:

1) қызметкерлердің обаға қарсы жүйесінің кадрларына арналған мамандандыру курстарынан өтуі;

2) патогендігі I-II топтардағы қоздырғыштарды жұқтырған немесе жұқтыруға күдікті биологиялық материалдармен жұмыс істеу кезінде санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен қауіпсіздік техникасын білуге ұйым басшысының бұйрығымен ресімделген мерзімдік (екі жылда кемінде бір рет) аттестациядан өтуі.

49. Тұрақты инженерлік-техникалық қызметкерлердің үй-жайларға баруына олар зертхана жұмысы кезіндегі қауіпсіздік техникасы жөніндегі арнайы нұсқаулықты өткеннен кейін ұйым басшысының өкімімен рұқсат етіледі. Олар зертханаға барғанда жұқпалы немесе жұқпалыға күдікті материалмен жұмыс істеу тоқтатылады. Инженерлік-техникалық қызметкерлердің үй-жайларға баруы зертхана қызметкерлерінің біреуі онымен ілесіп жүруі арқылы жүзеге асырылады және еркін нысандағы журналда тіркеледі.

#### **4. Зертханаларда жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптар**

50. Жұмысқа қабылданған кезде және одан әрі жыл сайын зертхананың барлық қызметкерлері үшін қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулық өткізілуі тиіс.

51. Зертхана жабдығын пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар жұмыс орындарында болуы тиіс. Зертханаларда тиісті нормативтік-техникалық құжаттамамен айқындалған зерттеу сапасын бақылау жүйесінің талаптары орындалуы тиіс.

52. Зертхана үй-жайларында:

1) жанып тұрған жанарғы және басқа да жылытқыш аспаптарды қараусыз қалдыруға, жарамсыз крандары бар жанарғымен жұмыс істеуге, олардың қасында тұтанғыш заттарды ұстауға;

2) жанып тұрған қоздырғыштар мен қосулы тұрған электр қыздыру аспаптарының жанында кездейсоқ төгілген өрт қаупі бар сұйықтықтарды жинауға;

3) жарамсыз желдеткіш кезінде жұмыс жүргізуге;

4) жұмыс уақытында бокстың есігін ашуға тыйым салынады.

53. Жұмыс басталар алдында БҚБ-ның сору желдеткіші қосылуы тиіс және материалды оған ендіру кері қысыммен жүргізіледі.

54. Сору шкафымен жұмыс істегенде сору саңылауының астына басын тосуға, тез буланатын сұйықтық қайнап немесе құйылып жатқанда ыдыстың үстіне еңкеюге тыйым салынады.

55. Зертханаларда:

- 1) заттаңбалары жоқ реактивтерді сақтауға және қолдануға;
- 2) улы, қатты әсер ететін, өрт қаупі бар заттар мен ерітінділер қорларын жұмыс орындарында және сөрелерде сақтауға;
- 3) жұмыс үй-жайларында темекі тартуға, тамақты сақтауға және ішуге;
- 4) арнайы киімсіз жұмыс істеуге;
- 5) жылыту құралдарында заттар кептіруге тыйым салынады.

56. Қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды орнату, монтаждау, жөндеу және пайдалану Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 24 тамызда № 6430 болып тіркелген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 бұйрығына сәйкес жүргізілуі тиіс. Ыдыстар және баллондар таңбалануы және еркін нысандағы журналға тіркелуі тиіс.

57. Қысымдалған баллондардағы газ түріндегі заттармен жұмыс істеген кезде:

- 1) оларды жұмыс үй-жайларында сақтауға;
- 2) талап етілетін реттеусіз және баллонның құрылғымен қосылуын тексерусіз газды шығаруға;
- 3) баллонның бұрандаларын тез ашуға;
- 4) вентильді ашу кезінде вентиль штуцері осының бағыты бойынша редуктор алдында тұруға;
- 5) таңбаланбаған баллондарды пайдалануға;
- 6) оттегі бар баллон үшін «Оттегі» деген жазуы жоқ редукторды қолдануға жол берілмейді.

58. Жұмыс уақытында сору шкафтарының жармалары жабық болуы, көтеріңкі жармалар – құрылғымен берік нығыздалуы тиіс.

59. Автоклавтар мен термостаттарды пайдаланған кезде мынадай талаптар орындалуы тиіс:

- 1) егер жұқпалы материалмен екі және одан көп қызметкер айналысатын болса, автоклавта жұмыс істейтін адамға пломбаланған бактар мен басқа да жұқпалы материал бар ыдысты қолхат арқылы тапсыру;
- 2) автоклав жұмысын бақылау журналын толтыру;
- 3) термостатқа жеңіл тұтанатын заттарды қоймау;
- 4) реттейтін құрылғылардан сақтандырғыш қалпақтарын алмау.

60. Жеңіл тұтанатын сұйықтықтарды  $100^{\circ}\text{C}$  дейін қыздыру су буында,  $100^{\circ}\text{C}$  астам - май буында жүргізілуі тиіс. Жеңіл тұтанатын сұйықтығы бар колбаны біртіндеп алдын ала қыздырмай ыстық суға салуға тыйым салынады.

61. Спиртпен немесе тез жанатын сұйықтықтармен жұмыс істеген кезде жұмыс орнында апаттық жағдайда өртті тез сөндіру үшін тығыз мата болуы керек.

62. Шыны аспаптармен жұмыс істеген кезде:

1) шыны аспаптарды жинау немесе оның жекелеген бөліктерін каучуктің көмегімен жинаған кезде - қолды сүлгімен қорғау; шыны түтікшелерді сындырған кезде түтікшенің шыны сынатын тұсында ұстау;

2) каучук кигізбес бұрын, түтікшелер мен таяқшалардың басын еріту және сулау; түтікшелер мен таяқшалардың басын еріткен кезде ұстағыштарды пайдалану;

3) шыны түтікшелерді резеңке тығындарға немесе резеңке түтікшелерге қондырған кезде (аспапты жинау кезінде) шыны түтікшені сыртынан алдын ала сулаған және резеңке түтікшенің ішкі жақ шеттерін немесе тығындағы саңылауды сулау, глицеринмен немесе вазелин майымен майлау керек. Түтікшелердің үшкір жиектері балқытылуы тиіс;

4) шыны түтікшелерді немесе термометрлерді бұрғыланған тығынға қондырған кезде алақанмен емес, жан-жағынан ұстау;

5) қыздырылған ыдысты оны салқындатқаннан кейін тегіс тығынмен жабу керек.

63. Сұйықтықтарды құйған кезде (құрамында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар сұйықтықтардан басқа) воронканы қолдану керек.

64. Шыны аспаптар қызуы немесе оның сынуы мүмкін жұмысты жүргізген кезде сору шкафтарында, табаларда көзілдірікпен, қолғаппен және резеңке алжапқышпен орындалуы тиіс.

65. Спирті, бензолы, ацетоны, бромы, йоды бар ыдыстар тегіс шыны тығындармен, сілтілері барлар - бұрандалы қақпақпен жабылуы тиіс.

66. Зертханада шұғыл көмек көрсету жағдайына және апаттық жағдайға арналған дәрі қобдишасы болуы тиіс. Ботулин уыттарымен жұмыс істеген кезде уытқа қарсы сарысу болуы тиіс.

## **5. Зертханаларда жұмыс істеу жағдайларына (эпидемияға қарсы режим) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

67. Құрамында инфекциялық аурулардың қоздырғыштары бар сұйықтықтардың ерітінділері резеңке үрімшенің немесе автоматты тамшуырдың көмегімен алынуы тиіс. Сұйықты ауызбен алуға, бір шыны түтікшенің жиегінен

екінші шыны түтікшеге сұйық өсінділерді құюға тыйым салынады. Ыдыс, тамшуыр, жабдық, шприцтер пайдалану алдында олардың тұтастығы мен жарамдылығы тексерілуі тиіс. Бактериологиялық ілмек құралдың ұзындығы 6 сантиметрден аспауы тиіс.

68. Инфекциялық материалды жеткізу және оны ұйымның (зертхананың) аумағындағы бір зертханадан екінші зертханаға тасымалдау металл ыдыста (бакта, биксте) жүзеге асырылады. Материалды ашқан кезде банкалар мен шыны түтікшелер дезинфекциялау ерітіндісімен сүртілуі және металл кювет пен штативке қойылуы тиіс. Өсінділер себілген ыдыстардағы су конденсатына қол тигізуге жол берілмейді.

69. Инфекциялық материалды сепкен кезде шыны түтікшелерге, ыдыстарға, сауыттарға материалдың атауы, өсіріндінің (талдаудың) нөмірі, себу күні мен тіркеу нөмірі көрсетіле отырып жазу жазылады.

70. Серологиялық зерттеулер жүргізу алдында материал залалсыздандырылуы тиіс. Зерттеуді жедел жүргізу қажеттілігіне байланысты алдын ала залалсыздандырмай реакциялар қоюға жол беріледі. Мұндай жағдайда зерттеу кюветте, дезинфекциялық ерітіндіге малынған сулықтармен жүргізіледі.

71. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмыс үстелдерінде фиксацияланбаған жұғындыларды, Петри ыдыстарын, шыны түтікшелерді және инфекциялық материалы бар басқа да ыдысы қалдыруға тыйым салынады.

72. Жұмыс басталғанға дейін зертхана үй-жайын ылғалды тәсілмен жинау керек. Үстелдер, аспаптар, жабдық, едендер, терезе алды дезинфекциялау ерітіндісін қолдана отырып сүртіледі. Жұмыс процесінде және ол аяқталғаннан кейін зертханада осы Санитариялық ережеге 8-қосымшаға сәйкес дезинфекциялау және 1 текше метрге 2,5 ватт қуаттылығымен 30-60 минут бойы бактерицидтік шаммен сәулелендіру жүргізілуі тиіс.

73. Жұқпалы материалды сақтағаннан кейін тоңазытқыштарды еріту оларды дезинфекциялаумен бірге жүргізіледі. Конденсацияланатын су залалсыздандыруға жатқызылады.

74. Жұмыс күнінің соңында термостаттар, тоңазытқыштар, шкафтар, олар тұрған жұмыс бөлмесінің есіктері кілттеп жабылуы және пломбалануы тиіс.

75. Патогендігі I-II топтағы қоздырғыштарымен жұмыс жүргізетін ұйымдардағы «жұқпалы» аймақтың үй-жайы шығаберісте жіңішке тазалағыш сүзгісі бар механикалық сыртқа тарату желдеткішімен немесе БҚБ-мен жабдықталады.

76. Жұқпалы жануарлармен жұмыс жүргізілетін үй-жайдың кіреберісінде биіктігі 30 см табалдырығы, ал бактериологиялық бокстар, серологиялық және шұғыл зерттеуге арналған үй-жайларда - дезинфекциялау ерітіндісін малынған кілемше болуы тиіс.

77. Патогендігі I-II топтағы микроорганизмдерге күдікті материалдарды жұқтырған жануарлар басқа жануарлардан бөлек ұсталуы тиіс.

78. Диагностикалық материалды зерттеу жүргізілетін үй-жайда тірі вакциналармен жұмыс істеуге; зертханада зерттелетін микроорганизмдер сезімтал дәрілік препараттар болмағанда антибиотиктерге төзімді вирулентті микроорганизмдермен эксперименттік жұмыс жүргізуге тыйым салынады.

79. Жұқпалы блокты қоспағанда зертханалық үй-жайларда 4 типтегі қорғаныш костюмімен жұмыс жүргізіледі. Саптың және мелиоидоздың қоздырғыштарымен жұмыс істеген кезде жұмыс істеуші адамдар резеңке қолғаппен, бактериологиялық зерттеулер кезінде - қосымша мақта-дәке маска мен қорғаныш көзілдірікте болуы тиіс.

80. Аса қауіпті инфекциялық аурулардың қоздырғыштарын жұқтыруға күдікті кез келген дала материалын (кеміргіштердің өліктері, эктопаразиттер, індердің субстрат сынамалары) тұрғын палаткаларынан кемінде 20 м қашықтықта, тікелей күн сәулесінен, сондай-ақ жауын-шашын мен жоғары температураның әсерінен қорғайтын жабындыларда оны зертханаға жеткізген сәтке дейін уақытша сақтауға рұқсат етіледі.

81. Дала материалын зертханаға жеткізу дала бригадасының немесе зертхананың көлігімен екі адам апару арқылы жүзеге асырылады.

82. Жыртқыш құстардың саңғырықтары мен аңдардың экскременттерін талдау формалиннің 1%-дық ерітіндісінде 12-18 сағаттай ұстағаннан кейін жүргізіледі.

83. Жәндіктер мен кенелерді олардың таралуын болдырмайтын арнайы үй-жайларда (инсектарийде) сауыттарда немесе банкілерде ұстайды. Бұрыннан бар инсектарийді толтыру үшін ұсталған бүргелерді қан сормаған жас бүргелер пайда болғанға дейін жекелеген банкаларда ұстайды.

84. Буынаяқтылармен жұмыс істеу барысында қолданылатын ыдыстар қайнату арқылы дезинфекцияланады. Қалдықтардың үстіне дезинфекциялау ерітіндісі құйылады немесе өртеледі, құрал-саймандар қайнатылады немесе отқа ұсталады. Бөзден жасалған қапшықтар 30 минут ішінде сулы-сабынды ерітіндіде қайнату арқылы залалсыздандырылады.

85. Виварийлер мен инсектарийлердегі омыртқалылар мен буынаяқтылардың қозғалысын есепке алуды ауланған күні мен орнын, зерттеу мен карантин нәтижелерін көрсете отырып, арнайы нөмірленген және бауланған журналда жүргізіледі. Виварий мен инсектарий үй-жайлары жұмыс күні аяқталғанда м ө р л е н і п ж а б ы л а д ы .

86. Омыртқалылар мен буынаяқтыларды виварийлер мен инсектарийлерден басқа ұйымдарға тек ұйым (зертхана) басшысының рұқсатымен ғана, бұл ретте тек таза виварийлерде туылған жануарлардың ішінен берілуі мүмкін.

87. Адамдардан, кеміргіштерден, экопаразиттерден алынған биологиялық материалдарды, қоршаған орта сынамаларын қабылдаумен және бастапқы өңдеумен байланысты барлық жұмыстар мен оларды зерттеу «жұқпалы» блокта жүргізілуі тиіс. Бактериологиялық зерттеу үшін зертхана жануарларының органдарының жұқтырылуын, оларды ашуды, себуді зертханашымен бірге дәрігер осы Санитариялық ережеге 9-қосымшаға сәйкес 1-2 типтегі қорғаныш костюмімен жүргізеді. Жұқпалы бөлімшеде жұмыс аяқталғаннан кейін қорғаныш костюмдері шешілуі және бокс кіреберісінде залалсыздандырылуы тиіс.

88. Қызметкердің зертхана үй-жайынан қорғаныш киімімен шығуға, оны залалды немесе заладануға күдікті материалмен жұмыс істеген кезеңде үй-жайдан шақыруға тыйым салынады.

89. Түнгі уақытта және жұмыс күні аяқталғаннан кейін зерттеу ауысымды жұмыс істеу жағдайы сақталынған және зертханада кемінде екі адам (дәрігер мен зертханашы) болған жағдайда, ұйым басшысының рұқсатымен жүргізіледі.

90. Патогендігі I топтағы қоздырғыштарды жұқтыруға күдікті материалмен жұмыс істейтін адамдардың дене қызуын жұмыс күнінің аяғында еркін нысандағы журналда тіркей отырып, өлшеу жүргізіледі.

91. Кептірілген микроорганизмдері бар ампулаларды ашу БҚБ-да дезинфекциялайтын ерітіндісі бар кюветтің үстінде жүргізіледі. Кесілетін ампуланың ұшы дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған үш қабатты дәке сулықпен жабылады және пинцетпен бөлінеді. Ашылған ампула кейіннен сулықты дезинфекциялайтын ерітіндіге батыра отырып, бір-екі минут бойы сол жабылған сулықта қалуы тиіс, содан кейін ампула стерильді тампонмен жабылады. Ішіндегісі толық ерігеннен кейін ампула бокстан алынуға тиіс.

92. Күйдіргі микроорганизмдерімен жұмыс жүргізетін зертханаларда зерттеу аяқталғаннан кейін зертхана үй-жайлары мен жабдықтары инфекцияның спорасының себілуіне тексеру жүргізілуі тиіс.

93. I-II топтардағы микроорганизмдерді жұқтырған немесе жұқтыруға күдікті материалдан алынған жағындыларды қыздыру арқылы кептіруге және бекітуге тыйым салынады. Бекіту үшін  $96^0$  этил спирті, Никифоров қоспасы ( $96^0$  этил спирті мен эфирге тең), метил спирті, құрамында күйдіргі микробы бар материалды зерттеу кезінде - 3% пергидроль ерітіндісі қосылған этил спирті қ о л д а н ы л а д ы .

94. Жұмыс аяқталғаннан кейін зерттелетін материал салқын термостатқа ( $18-20^0\text{C}$  температура кезінде) жинап салынуы, үстел дезинфекциялау ерітіндісімен, қол -  $70^0$  спиртпен өңделуі және мұқият жуылуы тиіс. Қызметкер аз уақытқа бокстан шыққан кезде есіктер кілтпен жабылады, кілт зерттеу жүргізетін қ ы з м е т к е р д е с а қ т а л а д ы .

95. Жұқпалы немесе жұқтыруға күдікті материалды бір бокстан екінші боксқа немесе автоклавқа тасымалдау металл бикстарда жүргізіледі.

96. Өңделген материалды (кеміргіштердің өлекселері, зертханалық жануарлар, ұядан алынған материалдар) залалсыздандырылады, содан соң кремациялау пешінде өртеп жағылады. Кремациялау пеші болмаған кезде жұқтырылған материал автоклавтанады, кейіннен тұрмыстық қалдықтар полигонында көміледі.

97. Далалық жағдайларда материалды Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 23 шілдедегі № 533 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6430 болып тіркелген) белгіленген тәртіппен жергілікті атқарушы органдардың арнайы рұқсатымен және санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бойынша химиялық залалсыздандыруға және шұңқырларға көмуге жол беріледі.

98. Зертхана үй-жайынан алынған қоқыс дезинфекциялайтын ерітіндіге батыру, автоклавтау немесе өртеу арқылы залалсыздандырылады. Залалсыздандырылмаған сұйықтарды кәріз жүйесіне төгуге тыйым салынады.

99. Зертханада тоқсан сайын патогенді микрофлораға ағын суларды зерттеу жүргізілуі тиіс.

100. Зерттеу нәтижелерін жазу жазбаның алғашқы түрінде жүргізіледі, бокстан әкету алдында дезинфекцияланады.

## **6. Вирустармен жұмыс істеуге қойылатын талаптар**

101. Зертхананың «жұқпалы» аймағындағы бокстарда (немесе БҚБ-да):

- 1) жануарларды жұқтыру және ашу;
- 2) жұқтырылған жануарларды ұстау;
- 3) центрифугалау, кептіру, дезинтеграциялау, аэрозольдердің ықтимал пайда болуына байланысты басқа да операциялар;
- 4) жасушалар мен тауық эмбриондарының өсірінділерін жұқтыру;
- 5) суспензияларды дайындау;
- 6) лиофилизирленген ПБА-мен жұмыс істеу;
- 7) коллекциялық штаммдарды жүргізу жұмысы жүргізіледі.

102. Тірі вирустармен серологиялық зерттеу, бастапқы және қайта егілетін тіндердің өсінділерінің сан алуан жүйелерін дайындау, клиникалық материалдарды бастапқы өңдеу БҚБ-нда жүргізілуі тиіс.

103. Персонал БҚБ-нда жұмыс істеген кезде мақта матадан тігілген пижамаларды, стерильді халаттарды, орамалдарды, маскаларды киюі тиіс. Жасуша жүйелерін культивациялау мен жұқпалы материалмен жұмыс істеу резеңке қолғаппен орындалуы тиіс.

104. ПБА бар ыдыс көп қабатты дәке сулықпен жабылған, дезинфекциялау ерітіндісіне батырылған подносқа немесе табақшаға қойылады.

105. Адамдар сарысуларын антигендердің табылуына зерттеуде немесе патогендігі II топтағы қоздырғыштарға антиденелерді анықтауда мынадай ш а р т т а р с а қ т а л у ы т и і с :

- 1) жұмыс жекелеген үй-жайда (бөлме, бокс) жүргізіледі;
- 2) жұқпалы емес (құрамында тірі қоздырғыштар жоқ) антигендерді ( д и а г н о с т и к у м ) п а й д а л а н у ;
- 3) центрифугалау арқылы қаннан сарысу бөлуді бокс үй-жайларында немесе биологиялық қорғаныш бокстарында да жүргізу.

106. Патогендігі I-II топтағы вирустармен жұмыс істеу барлық зерттеулер жұмысы өзара байланыстағы қауіпсіздік бокстар жүйесі қондырылған арнайы зертханаларда жүргізілуі тиіс. «Жұқпалы» аймақтың үй-жайларында есіктері автоматты түрде жабылатын өтпелі автоклав орнатылуы тиіс.

107. «Жұқпалы» аймаққа кіру қорғаныш киімі киілетін себезгі бөлмесі немесе шлюзі бар санитарлық өткізгіш арқылы жүзеге асырылады. Шлюзде жұмыс істеген уақытта бактерицидтік шам қосылуы тиіс.

108. Шлюздерге кіретін есіктер өзі жабылатын болуы және құлыптармен жабдықталуы тиіс. Жұмыс уақытында «жұқпалы» аймақ үй-жайларының есіктері жабық болуы тиіс. Бұл уақытта вирусологиялық боксқа кіруге және шығуға тыйым салынады. Басқа үй-жайлармен байланыс жасау үшін телефон немесе сөйлесу құрылғылары пайдаланылады.

109. Биологиялық материалды сақтау төменгі температураға төзімді, тұмшаланған, сынбайтын контейнерлерде жүзеге асырылуы тиіс, олар температурасы төмен шкафтарға немесе сұйық азоты бар ыдысқа салынады.

110. Биологиялық материалды технологиялық жүйелер мен қойма арасында тасымалдау тұмшаланып жабылатын, ылғал өтпейтін, залалсыздандыруға жатқызылатын контейнерлерде жүргізілуі тиіс.

111. Вирусология зертханасының барлық қалдықтары, пайдаланылған себезгі бөлмесінің суы зарарсыздануы тиіс.

112. Жұмыс кезінде қызметші 2-типтегі обаға қарсы костюмді пайдаланады, тауық эмбриондарын, жануарларды, экопаразиттерді жұқтыру, биологиялық материалды центрифугалау және вакуумды кептіру 1-типтегі қорғаныш костюмінде жүргізіледі. Жұмыс соңында гигиеналық себезгі қабылдайды.

113. Кептірілген риккетсиялар өсірінділері бар ампулаларды ашу, риккетсия биомассасын гмомгенизациялау БҚБ-нда 2-типтегі қорғаныш костюмімен жүзеге асырылады.

## 7. Терең микоздар қоздырғыштарымен жұмыс істеу кезіндегі талаптар

114. Мицелиалды фаза өсірінділерімен әрекет жасау, олардың өмір сүргіштігінің барлық фазаларын зерделеу БҚБ-нда жүргізілуі тиіс.

115. Егер жұмыс уақытында боксте ауаны сору тоқтатылса, онда жұмыс дереу тоқтатылады. Тоқсанына кемінде бір рет бокстің ауасына бактериологиялық зерттеу жүргізеді, сүзгілердің жұмысын бақылау айына бір рет жүргізіледі.

116. Бокстарда мицелиалды өсірінділерді себуди физиологиялық ерітіндімен немесе сорпамен шыны түтікшеге және матрасқа алдын ала енгізгеннен кейін жүргізеді. Өсірінділер жұғындыларында сұйықтықты матрасқа ұзын инесі бар шприцпен шыны түтікше арқылы енгізеді. Себінділер металдан жасалынған ыдыстарда инкубацияланады.

117. Грибоктардың мицелиалды фазасымен жұмыс істеген кезде себіндісі бар агар пластинкаларын 5 тәуліктен астам уақыт (спора пайда болғанға дейін) термостатта ұстайды, себінді бар матрастарды, шыны түтікшелерді бокстан тыс жерде ашпайды. Себінділерді қарауды бокстарда мақта-дәке маскасы бар 4-типтегі костюммен жүргізіледі. Грибоктардың ашытқы фазасымен жұмысты бокста маскасы бар 3-типтегі костюммен, серологиялық зерттеуді – 4-типтегі костюммен жүргізеді.

118. Грибоктардың суспензиясының жасуша элементтерін есептеу алдында автоклавтайды немесе 10% дейін формалинді қосады, 37<sup>0</sup>С температурада 2 сағат термостатта ұстайды.

119. Антигендерді, вакциналарды алу үшін өсірілген грибоктарды 0,5 атмосферада 30 минут бойы автоклавтаумен немесе соңғы шоғырлануы 0,5% дейін формалинді қосу арқылы зарарсыздандырады.

## 8. Паразиттік аурулар қоздырғыштарымен жұмыс істеу кезіндегі талаптар

120. Құрамында ересек гельминттер мен ішек қарапайымдылар стробилдің, онкосфераның, жұмыртқаларының, личинкаларының, ерекшеліктерінің болуына күдікті материал тығыз жабылатын қақпағы бар шыны немесе пластикалық ыдыста жеткізілуі тиіс.

121. Гельминттердің, ішек қарапайымдыларының және қан паразиттерінің болуына дайындау және зерттеу сору шкафында жүргізіледі. Байыту әдістерін қолдану арқылы зерттеуге арналған зертханалық ыдыс кюветтерде орнатылады. Зерттеу үшін дайындалған препараттар арнайы подностарға қойылу керек, жағындылар бар заттық шынылар көлемі үлкен шыныларға салынады.

122. Зерттелетін материалмен, ыдыспен, жабдықпен жасалатын барлық

іс-әрекеттер резеңке қолғаппен жүргізіледі.

123. Пайдаланылған тамшуырлар, капиллярлар, заттық және жабынды шынылар дезинфекциялануы тиіс.

124. Гельминттерді жұқтыруға күдікті материал жекелеген тоңазытқышта сақталуы тиіс, оған жұмыс күнінің аяғында мөр қойылады.

## **9. Патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдерді сақтау, тапсыру және тасымалдау**

125. Барлық микробиология, вирусология және паразитология зертханаларында оларды тасымалдау кезінде жеке және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ оларды рұқсатсыз беруді және тіркеусіз сақтауды болдырмайтын, микроорганизмдерді бірыңғай сақтау, тапсыру тәртібі о р ы н д а л у ы т и і с .

126. Су құбырларына, тамақ объектілеріне, медициналық мақсаттағы өнімдерді өндіретін ұйымдарға қызмет көрсететін өндірістік зертханаларда патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдердің мұражайлық өсірінділерінің болуына және оларды зерделеуге байланысты зерттеулер жүргізуге тыйым с а л ы н а д ы .

127. Бұл зертханаларға мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бойынша өндіруге берілген нормативтік-техникалық құжаттамамен көзделген микроорганизмдердің типтік өсірінділерінің коллекциясы болуына рұқсат етіледі.

128. Диагностикалық және өзге де зерттеулер кезінде олармен жұмыс істеуге рұқсаты жоқ зертханаларда бөлінген патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдерді режим комиссиясының тиісті рұқсаты бар зертханаға ж о л д а н у ы т и і с .

129. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның режим комиссиясының берген рұқсаты болған кезде, патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеуге режим комиссиясы берген рұқсаты бар ұйымдардың, зертханалардың мұражайлық өсірінділер ж и н а ғ ы б о л у ы м ү м к і н .

130. Бөлінген патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдер ұйым, зертхана басшысының рұқсатымен жойылуы тиіс.

131. Өндірістік және эталондық патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдерді беру «Республикалық микроорганизмдер коллекциясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 шілдедегі № 850 қаулысына сәйкес ж ү з е г е а с ы р ы л у ы т и і с .

132. Патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдерді бөліп алу жөніндегі

зерттеулерді жүргізуші бөлімшелер олардың қозғалысын және сақталынуын мына нысандар бойынша жүргізуі тиіс:

1) осы Санитариялық ережеге 10-қосымшаға сәйкес зерттеу (сәйкестендіру) және сақтау үшін келіп түскен патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдерді тіркеу журналы;

2) осы Санитариялық ережеге 11-қосымшаға сәйкес патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдер штаммдарын тіркеу журналы;

3) осы Санитариялық ережеге 12-қосымшаға сәйкес коллекциялық микроорганизмдерді түгендеу журналы;

4) осы Санитариялық ережеге 13-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттер қозғалысын тіркеу журналы;

5) осы Санитариялық ережеге 14-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттерді беру журналы;

6) осы Санитариялық ережеге 15-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттерді лиофилизациялау журналы;

7) осы Санитариялық ережеге 16-қосымшаға сәйкес патогенді биологиялық агенттерді зарарсыздандыру журналы.

133. Коллекциялық штаммға берілген реттік белгі (нөмір, коды) оны берген кезде өзгертілмеуі тиіс. Штамм өлген (жойылған) жағдайда оның белгілерін жаңадан келіп түскен штаммдарға беруге тыйым салынады.

134. Осы Санитариялық ережеге 17-қосымшаға сәйкес патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдер штаммдарын жою актімен ресімделуі тиіс.

135. Барлық журналдардың беттері нөмірленуі, байлануы, мөрмен бекітілуі және зертханада 3 жыл бойы сақталуы тиіс.

136. Журналдағы жазулар басқа құжаттамаларға: жою, алу, тапсыру актісіне сәйкес келуі тиіс.

137. Құрамында микроорганизмдер бар ыдыстардың айқын, шайылып кетпейтін жазуы немесе микроорганизмнің атауы, штамм нөмірі мен қайта себілген (лиофилизациялау) күні белгіленген заттаңбасы нығыз желімделген болуы тиіс. Уыттары бар ыдыстарда заттаңбасының оң жақ төменгі бұрышында қосымша қызыл түсті белгісі болуы тиіс.

138. Коллекциядағы патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдер лиофилизирленген немесе тоңазытылған, тығыз немесе сұйық қоректік ортада, сондай-ақ органдардың суспензиялары мен консерванттағы тіндер түрінде сақталуы тиіс.

139. Осы Санитариялық ережеге 18-қосымшаға сәйкес лиофилизирленген микроорганизмдер бар ампулаларды ашу актімен ресімделеді.

140. Микроорганизмдер штаммдары тоңазытқышта немесе жанбайтын шкафта (сейфте) топ бойынша бөлек-бөлек сақталуы тиіс. Әр түрлі топтардағы



берілген актінің сәйкестігін көрсете отырып, еріксіз нысандағы қаптаманы және онымен бірге микроорганизмдерді алуды растайтын хатты ашу актісін жасауы, оларды берген ұйымға оны жіберуі тиіс.

147. Жөнелтуші ұйым алушы ұйымның кез келген жедел байланысы түрімен микроорганизмнің жөнелтілген күні мен көліктің түрін хабарлауға тиіс.

148. I-IV топтағы микроорганизмдерді тығыз қоректік орталарда жібереді. Құрамында микроорганизмдері бар уыттарды, вирустарды, органдарды, тіндер мен олардың суспензияларын консервіленген сұйықтықта немесе тоңазытылған күйде жіберуге жол беріледі.

149. Микроорганизмдерді тасымалдау тұмшаланған жабық ыдыстарда (дәнекерленген ампулалар, жанышталған сауыттар, қалың шыныдан жасалған түтікшелер немесе пластикалық материалдар, шыны түтіктер, жабдық тығындармен тұмшаланған әр түрлі пластификаторлар) жүзеге асырылады. Ыдыстар лигнинмен немесе гигроскопиялық мақтамен оралады, металлдан немесе пластмассадан жасалған (тек III-IV топтар үшін) тығыз жабылатын немесе бұрандалы пеналға салынады. Пеналдағы ыдыс қаттамасы олардың орындарын ауыстыру және тұтастығы бұзылу мүмкіндігін болдырмауы тиіс. Сору материалы қаттамасы зақымдалған жағдайда барлық сұйықты сору үшін жеткілікті болуы тиіс. Қатталған ыдыстары бар пеналдарды қағазға орайды және сургуч мөрмен мөр қойылады.

150. Жөнелтімнің мекенжай жазылған жағында «Қауіпті! Тасымалдау кезінде ашуға болмайды» деген жазу болуы тиіс.

151. I-IV топтағы микроорганизмдерді жұқтыруға күдікті тірі жануарлар мен буынаяқтыларды тасымалдауға тиісті аумақтағы мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органының санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы бойынша жол беріледі. Патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдерді жұқтырған тірі жануарлар мен буынаяқтыларды тасымалдауға жол берілмейді.

152. Микроорганизмдерді тасымалдау кезінде авариялар, апаттар болған, жөнелтілім жоғалған немесе ұрланған жағдайда оқиға болған жерді қорғау, зардаптарын жою және іздестіруді ұйымдастыру жөніндегі шараларды қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігіне, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдарына жедел хабарлау қажет.

153. Микроорганизмдердің өсірінділері, уыттар, улар «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 300-III Заңына сәйкес шетелге жіберілуі немесе алынуы мүмкін.

154. Шетелден ПБА алған ұйымдар ол туралы Қазақстан Республикасының

ұлттық микроорганизмдер коллекциясына хабардар етуі тиіс.

155. Шетел іссапары кезінде микроорганизмдерді алушы адамдар оларды келгеннен кейін өз ұйымында тіркеуге міндетті.

156. Жөнелтуші ұйымның басшысы қаптау және жіберілген пунктіне дейін тасымалдау ережесі мен талаптарының сақталуына, сондай-ақ «Экспорттық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 300-III Заңына сәйкес және қолданыстағы халықаралық конвенциялар мен ережелерге сәйкес ПБА қаттамасының дұрыстығына және Халықаралық почтамы арқылы жөнелтілуіне жауапты болып табылады.

157. Алушы мен жөнелтушінің мекенжайы көрсетілген жәшіктің беті күлгін түсті заттаңбамен және «тез бұзылатын биологиялық зат», «Қауіпті: жөнелту кезінде ашуға болмайды, «Коммерциялық құндылығы жоқ», «Халықаралық пошта қауіпсіздігі ережесіне сәйкес қапталған» (ағылшын тілінде) деген ерекше белгілермен жабдықталуы тиіс.

158. Медициналық ұйымдар оларды алу мақсаты мен қажеттігін негіздей отырып, микроорганизмдердің түрін, үлгілік авторлық коллекция атауын көрсете келе, талаптарды жіберу арқылы ПБА-ны тек тірі өсірінділер мұражайлары арқылы сұратуына болады.

## **10. Биологиялық материалмен жұмыс уақытында аварияларды жою кезіндегі іс-қимылдар**

159. Патогендігі I-II топтағы қоздырғыштармен жұмыс жүргізетін әрбір ұйымның жанында оларда ауруға күдікті белгілердің табылу жағдайында және авария тудырған қызметкерлерге арналған изолятор болуы тиіс.

160. Изоляторда тіршілік айғақтары бойынша көмек көрсетуге (кардиологиялық, шокқа қарсы, антидоттар) арналған ерекше дәрілік препараттардың, дәрі-дәрмектер мен дезинфекциялық құралдардың негізгі және резервтік қоры болуы тиіс.

161. Биологиялық материалдармен жұмыс істеген уақыттағы авария кезінде оны дереу тоқтатады және авария сигнализация қосылады.

162. Егер авария кезінде жұқпалы материал шашыраған болса, бөлмеде болғандардың барлығы жұмыстарын тоқтатып, артынан есікті жауып, бокс кіреберісіне шығуы, қолын, бетін, шырышты қабаттарды дезинфекциялау ерітіндісімен немесе спиртпен өңдеуі тиіс. Қорғаныш киімін (бас орамалдан немесе шлемнен бастап) дезинфекциялау ерітіндісіне малып сулайды, оны шешеді, дезинфекциялау ерітіндісіне салады немесе автоклавтау үшін бикске (бак) салады. Көзіне, мұрнына қоздырғыштар сезімтал антибиотиктер тамызады. Авария жағдайы болған жағдайда терең микоздардың қоздырғыштарымен жұмыс

істеген кезде көзі мен мұрнына 1% бор қышқылын тамызады, ауызы мен тамағын 70% этил спиртімен шаяды.

163. Ботулин уыттарымен авария болған кезде көзі мен аузын сумен және 1 миллилитрге 10 халықаралық бірлікке дейін ерітілген уытқа қарсы сарысумен жуады. Ботулин уыттары ашық денеге түскен кезде оны сабынды сумен көбірек жуады.

164. Егер авария жағдайы белгісіз қоздырғышпен жұмыс істеу кезінде болса әсері көп антибиотиктермен профилактикалық емдеу жүргізіледі.

165. Егер авария жағдайы кезінде биологиялық материал шашырамаса, биологиялық материалмен жанасқан орын мен жабдықтың үсті дезинфекциялау ерітіндісіне малынған тампонмен (сулықпен) сүртіледі. Қызметкер авария болған үй-жайдан шығады, қорғаныш киімді шешіп, дезинфекциялау ерітіндісіне батырады. Дененің ашық тұрған бөлігі дезинфекциялау ерітіндісімен немесе 70<sup>0</sup> спиртімен өңделеді.

166. Егер авария қауіпсіздік боксте (немесе БҚБ) болса, жұмыс тоқтатылады, материал түскен орынға дезинфекциялау ерітіндісіне малынған сулық басылады. Боксте 30 минутқа бактерицидтік шам қосылады, авариялық сигнализация қосылады, содан соң дезинфекциялау жүргізіледі. Авария және дезинфекциялау кезінде сору желдеткіш қосылған күйде қалуы тиіс.

167. Егер авария тері қабатының жарақатына немесе басқа да бұзылуларға байланысты болса:

1) жұмыс тоқтатылады, қолын дезинфекциялау ерітіндісімен өңдейді, қолғабын шешеді және дезинфекциялау ерітіндісіне жарақаттан аққан қанды сығады, жарақат орнына 4-5 минутқа дезинфекциялау ерітіндісінен немесе 70<sup>0</sup> этил спиртінен жасалған компресс қояды;

2) күйдіргімен жұмыс істеген кезде жарақат орнын сабынды сумен мұқият жуады және дезинфекциялау ерітіндісін қолданбай йод жағады;

3) терең микоздар қоздырғыштарымен авария болған кезде, жарақат орнын тиісті дезинфекциялау ерітіндісімен өңдейді, сабынды сумен жуады, йод жағады;

4) I-II топтағы вирустармен жұмыс істеген кезде қанды кептірілген стерильді сулыққа сығады және дезинфекциялау ерітіндісін қолданбай жараны йодпен өңдейді.

168. Егер авария материалды тасымалдау кезінде болса (автоклава және бөлімшелер арасында), персонал тасымалданатын ыдыстарды орындарында қалдырып, қауіпті аймақтан кетеді, болған оқиға туралы бөлімше басшысына хабарлайды. Аварияға жол берген адам санитариялық өндеуден өтеді. Авария кезінде үй-жайды өңдеу 1-типтегі обаға қарсы костюмде жүргізілуі тиіс.

169. Патогендігі I-IV топтағы микроорганизмдермен зертханалық

жұқтырудың барлық жағдайлары туралы ақпарат халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органға жедел ұсынылуы тиіс.

« Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне  
1-қосымша

## Патогендігі II-IV топтың микроорганизмдерімен жұмыс жүргізетін микробиология зертханасының үй-жайлары мен алаңдары

1. Патогендігі II-IV топтағы микроорганизмдермен жұмыс жүргізетін микробиология зертханасының мынадай үй-жайлары мен алаңдары болуы тиіс (м <sup>2</sup> ):		
1)	зертхана меңгерушісінің кабинеті	12
2)	себу бөлмесі, кем дегенде 15	1 жұмыс орнына кем дегенде 5
3)	ішек инфекцияларына зерттеуге арналған үй-жай	1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12
4)	фаготиптеуге арналған үй-жай	кем дегенде 12
5)	тырысқакқа тексеруге арналған үй-жай	кем дегенде 12
2. Санитариялық бактериология бойынша зерттеу жүргізуге арналған үй-жайлар:		
1)	дәрігерлерге арналған	1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12
2)	зертханашыларға арналған	1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12
3)	кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12
3. Тамшы арқылы берілетін инфекцияларды зерттеуге арналған үй-жайлар:		
1)	дәрігерлерге арналған	1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12
2)	зертханашыларға арналған	1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12
3)	кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12
4)	серологиялық зерттеулерге арналған үй-жай	кем дегенде 14
5)	себу бөлмесі	1 жұмыс орнына 5, бірақ кем дегенде 15
6)	стерильдікке зерттеуге арналған кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12
7)	жуу бөлмесі (жуу машинасыңыз)	кем дегенде 18
8)	жуу бөлмесі (жуу машинасы қолданылатын)	кем дегенде 36
9)	препараттар бөлмесі	1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 12

10)	стерилизациялау бөлмесі	2 стерилизациялау шкафына кем дегенде 15
	әрбір қосымша шкафқа	кем дегенде 5
4. Жылы бөлмелер:		
1)	ішек инфекцияларына зерттеуге арналған	кем дегенде 6
2)	санитариялық бактериология бойынша зерттеуге арналған	кем дегенде 6
3)	43 градус Цельсиядағы температуралық режиммен	кем дегенде 6
5. Тоңазыту камерасы		кем дегенде 8
6. 2 автоклавқа арналған автоклав бөлмесі		кем дегенде 15
Әрбір қосымша автоклавқа		кем дегенде 5
7. Қоректендіру ортасын дайындайтын үй-жайлар:		
1)	қоректендіру ортасын қайнататын үй-жай	1 кем дегенде 8
2)	стерильденбеген ортаны құюға арналған үй-жай	1 жұмыс орнына кем дегенде 4
3)	ортаны бөліп құюға және бақылауға арналған	кем дегенде 12-18
4)	ортаны құюға арналған кіреберісі бар бокс	1 жұмыс орнына кем дегенде 6
8. Тоңазытқыштарға арналған үй-жайлар		кем дегенде 12
9. Энтомология үй-жайы		кем дегенде 12
10. Гематология үй-жайы		1 жұмыс орнына 6, бірақ кем дегенде 18
11. Гельминтологиялық зерттеуге арналған үй-жай		1 жұмыс орнына 9, бірақ кем дегенде 12
12. Қоймалар:		
1)	стерильденген зертхана ыдыстары	кем дегенде 12
2)	стерильденбеген зертхана ыдыстары	кем дегенде 12
13. Анализдерді қабылдау пункті		1 жұмыс орнына кем дегенде 6
14. Қорытынды беретін пункт		кем дегенде 6
15. Персоналға арналған санитариялық өткізгіш:		
1)	үй киімдеріне арналған киім ілгіш	кем дегенде 0,4
2)	1 торға жуынатын себезгі	кем дегенде 1
3)	арнайы киімге арналған киім ілгіш	1 шкафқа 0,4, бірақ кем дегенде 6
4)	дәретхана	1 адамға кем дегенде 0,85
16. Персонал бөлмесі		кем дегенде 8
17. Сынамаларды алатын және қорытындыларын беретін үй-жай:		
1)	күту бөлмесі	кем дегенде 12
2)	тіркеу орны	кем дегенде 8
3)	үй-жай (унитаз және қол жуғыш бар)	кем дегенде 3
18. Оқу бөлмесі		1 орынға 4, бірақ кем дегенде 30
19. Жұмыс көлемі шамалы зертханаларда бір үй-жайда: препараттар мен стерилизациялау бөлмелерін (18 м <sup>2</sup> ), санитариялық бактериология және тамшы арқылы берілетін инфекциялар бокстарын (6 м <sup>2</sup> ) орналастыруға жол беріледі. Үй-жайлар жиі орындалатын зерттеулер номенклатурасына байланысты болады.		

«Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға,

реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және  
 жұмыс істеу жағдайларына қойылатын  
 санитариялық-эпидемиологиялық  
 талаптар» санитариялық ережесіне  
 2-қосымша

**Патогендігі I-II топтың микроорганизмдерімен жұмыс жүргізетін  
 микробиология зертханасының үй-жайлары мен алаңдары**

1. «Таза» аймақта алаңы мынадай (м <sup>2</sup> ) үй-жайлар қарастырылады:	
1) сырт киімге арналған киім ілгіш	кем дегенде 18
2) жеке шкафтары бар қызметкерлердің жеке заттарына арналған киім ілгіш	1 шкафқа 0,4
3) зертхана меңгерушісінің кабинеті	кем дегенде 12
4) әкімшілік жұмыстарға, тамақ ішуге және демалуға арналған бөлмелер	кем дегенде 12
2. «Шартты жұқпалы» аймақта алаңы мынадай (м <sup>2</sup> ) үй-жайлар қарастырылады:	
1) коректендіру ортасын дайындауға және құюға арналған боксы бар бөлме	кем дегенде 12
2) 2 автоклавқа арналған автоклав бөлмесі	кем дегенде 15
3) препараттық-стерилизациялау бөлмесі	кем дегенде 18
4) жуу бөлмесі	кем дегенде 18
5) қойма	кем дегенде 12
6) дәретхана	кем дегенде 6
3. «Жұқпалы» аймақта алаңы мынадай (м <sup>2</sup> ) үй-жайлар қарастырылады:	
1) 5-6 бокстар	кем дегенде 9
бокс кіреберістерімен	кем дегенде 3
2) боксы бар серологиялық	кем дегенде 30
3) шұғыл диагностикаға арналған үй-жай	кем дегенде 12
4) 2 автоклавқа арналған автоклав бөлмесі	кем дегенде 15
4. «Жұқпалы блок»:	
1) материалды қабылдау, тіркеу, оны өңдеу	кем дегенде 18
2) зоологиялық-паразитологиялық	кем дегенде 12
3) мынадай бөлмелерден тұратын инфекцияланған жануарлармен жұмыс істеуге арналған блок: материалды қабылдау, алғашқы өңдеуден өткізу, жануарларға жұқтыру	кем дегенде 48
4) қорғаныш костюмді киюге және шешуге арналған бөлме	6-дан

«Микробиологиялық, паразитологиялық  
 зертханаларды жобалауға, салуға,  
 реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және  
 жұмыс істеу жағдайларына қойылатын  
 санитариялық-эпидемиологиялық  
 талаптар» санитариялық ережесіне  
 3-қосымша

## Патогендігі III-IV топтың вирустарымен жұмыс жүргізетін вирусология зертханасының үй-жайлары мен алаңдары

1. Вирусология зертханасында мынадай үй-жайлар жиыны болуы тиіс (м <sup>2</sup> ):	
1) зертхана меңгерушісінің кабинеті	кем дегенде 12
2. Респираторлық вирустардың сәйкестігін анықтайтын үй-жайлар:	
1) эмбриондарды жұқтыруға және ашуға арналған кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12+5
3. Энтеральды вирустардың сәйкестігін анықтайтын үй-жайлар:	
1) жасуша өсірінділерін микроскоптауға арналған дәрігерлер мен зертханашылар жұмыс бөлмесі	кем дегенде 8
2) кіреберісі бар тіндер өсірінділерін жұқтыруға арналған бокс	кем дегенде 12+5
3) эталонды штамдармен жұмыс істеуге арналған кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12+5
4) санитариялық вирусологияға арналған кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12+5
4. Тіндер өсірінділерін дайындауға арналған үй-жай:	
1) кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12+5
2) вирусты гепатиттің қоздырғыштарымен жұмыс істеуге арналған кіреберісі бар бокс	кем дегенде 12+5
5. Шұғыл диагностикаға арналған бөлме, люминесценттік бөлме	кем дегенде 10
6. Серологиялық зерттеуге арналған бөлме	кем дегенде 10
7. 2 автоклавқа арналған автоклав бөлмесі	кем дегенде 15
8. Жуу бөлмесі	кем дегенде 12
9. Препараттық-стрилизациялау	кем дегенде 6
10. Ыдыс, реактив, материалдар қоймасы	кем дегенде 6
11. Анализдерді тіркеу, қабылдау, іріктеу және қорытындысын беру бөлмесі	кем дегенде 8
12. Персонал бөлмесі	кем дегенде 8
13. Персоналға арналған санитариялық өткізгіш:	
1) үй киіміне арналған киім ілгіш	1 шкафқа 0,4, бірақ кем дегенде 6
2) киім ауыстыруға арналған кабина	кем дегенде 2
3) 1 торға шаққандағы себізгі	кем дегенде 1
4) арнайы киімге арналған киім ілгіш	1 шкафқа 0,4, бірақ кем дегенде 6
14. 1 унитазға арналған дәретхана	кем дегенде 0,85

«Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 4-қосымша

## Паразитология зертханасы үй-жайлары мен алаңдары

1. Паразитология зертханасында мынадай үй-жайлар болуға тиіс:	
1) анализдерді қабылдау, тіркеу, және қорытындысын беру бөлмесі	1 жұмыс орынға 6, бірақ кем дегенде 12
2) гельминтологиялық зерттеуге арналған үй-жайлар	1 жұмыс орынға 9, бірақ кем дегенде 18
3) күту бөлмесі	кем дегенде 12
4) серологиялық зерттеу үй-жайы	кем дегенде 12
5) шұғыл диагностикаға арналған үй-жай	кем дегенде 12
6) жуу бөлмесі	кем дегенде 9
7) арнайы жұмыс киіміне арналған киім ілгіш	1 шкафқа 0,4, бірақ кем дегенде 6
8) персонал бөлмесі	кем дегенде 12
9) энтомологиялық зерттеу бөлмесі	кем дегенде 12
10) қойма	кем дегенде 6
11) үй киімдеріне арналған киім ілгіш	1 шкафқа 0,4, бірақ кем дегенде 6
12) дәретхана	кем дегенде 4
2. Егер паразитология зертханасы микробиология зертханасының құрамына енген болса, онда анализдерді қабылдауға, тіркеуге және қорытынды беруге, жууға арналған үй-жайлар мен күту бөлмесі микробиология зертханасының осындай үй-жайларымен біріктірілуі мүмкін.	

«Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережесіне 5-қосымша

### Ұйымда биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі комиссия туралы ереже

Ұйымда биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - режимдік комиссия) диагностикалық, ғылыми және өндірістік зертханаларда биологиялық материалмен жұмыс жүргізудің тәртібін бақылайтын атқарушы-консультативтік орган болып табылады.

Биологиялық қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі комиссияны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Орталық режимдік комиссиясы басқарады.

Комиссия базасында патогендігі I-III топтың биологиялық материалымен кез келген жұмыс (диагностикалық, зерттеу, өндірістік) түрлерін жүргізетін

ұйымдарда (кәсіпорындарда) құрылады.

Құрамында биологиялық материалмен жұмыс қауіпсіздігі мәселелерінде құзыретті кемінде 3-5 адам бар комиссияны ұйымның басшысы 5 жыл мерзімге тағайындайды.

Комиссияның төрағасы болып ұйым басшысының эпидемиологиялық мәселелер (ғылым) жөніндегі орынбасары немесе тиісті білімі мен жұмыс тәжірибесі бар маман тағайындалады.

Комиссия өз қызметінде осы санитариялық ережені және биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарды және ұйым басшының нұсқауларын басшылыққа алады.

Обаға қарсы күрес станцияларының режимдік комиссиялары – Орталық және М. Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалар ғылыми орталығының режимдік комиссияларына бағынады.

Басқа ұйымдардың режимдік комиссияларын Орталық режимдік комиссия бақылайды.

Диагностикалық, зерттеу және өндірістік жұмыстар жүргізу кезінде биологиялық материалмен жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында комиссия мынадай міндеттерді шешеді:

1) ұйымда биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің регламенттелген тәртібінің сақталуына тұрақты бақылауды ұйымдастыру және жүргізу;

2) авариялық ахуалдың алдын алуға және олардың салдарын жоюға бағытталған іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және жүргізу;

3) персоналдың инфекциялық материалмен жұмыс істеуге дайындығын бақылау және денсаулық жағдайын қадағалауды ұйымдастыру;

4) тиісті нормативтік құжаттар талаптарының, сондай-ақ ұйым басшысы өкімдерінің (бұйрықтарының) және ұйым комиссиясы ұсыныстарының орындалуын бақылауды жүзеге асырады;

5) биологиялық қауіпсіздік жай-күйіне талдау жүргізу және оларды жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін әзірлейді;

6) биологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі есептік және басқа да құжаттаманы дайындайды.

Оған жүктелген міндеттерге сәйкес комиссия мынадай іс-шаралар кешенін жүргізеді:

1) биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің регламенттелген тәртібінің орындалуын жыл сайын жоспарлы және жоспардан тыс мерзімдік бақылауды жүзеге асырады;

2) персоналды уақтылы диспансерлеуді бақылауды жүзеге асырады, иммундық профилактиканың регламенттелген тәртібін бақылайды, антибиотиктерге аса сезімтал және вакциналауға қарсы айғақтары бар адамдарды

есепке алуды жүргізеді;

3) биологиялық материалмен жұмыс істеу кезінде авария жағдайында ұйымның басшысына оның салдарын жою жөніндегі іс-шаралардың жоспарын әзірлейді және ұсынады;

4) белгіленген қауіпсіздік ережелерінің бұзылуларына, оның алғы шарттарына, авариялар себептеріне талдау жүргізеді және ұйымның басшысына биологиялық қауіпсіздік жүйесінің тиімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын ұсынады;

5) биологиялық қауіпті материалмен жұмыс істеуге рұқсат алу (ұзарту) үшін қажетті құжаттаманы ресімдейді;

6) биологиялық қауіпті материалмен жұмыс істейтін персоналдың биологиялық қауіпсіздікті сақтау мәселелері жөніндегі біліміне тексеру жүргізеді;

7) қызметкерлердің белгіленген шығу тәртібін бақылайды;

8) комиссияның бір жыл ішіндегі жұмысы туралы есебін дайындайды және оны қадағалау функцияларын жүзеге асырушы ұйымға ұсынады;

9) ұйымның басшысы бекіткен жұмыс жоспарын және қажеттігі оның міндеттерімен және функцияларымен анықталатын өзге де құжаттарды жасайды.

Өз міндеттерін тиімді іске асыру мақсатында комиссия:

1) бөлімшелердің басшылары мен жекелеген адамдардың биологиялық қауіпсіздік ережелерін міндетті түрде орындауын үйлестіреді;

2) ұйым басшының алдында болған бұзушылықты жою туралы өтініш жасайды;

3) өзіндік немесе басқа да білікті мамандарды тарта отырып, ұйымда биологиялық қауіпсіздік ережелерінің сақталуына жоспарлы және жоспардан тыс тексеру жүргізеді;

4) биологиялық қауіпсіздік ережелерінің орындалуы мүмкін болмаған жағдайда немесе оларды бұзған жағдайда биологиялық қауіпті материалмен жұмысты тоқтата тұру туралы ұйым басшысына өтініш жасайды;

5) биологиялық қауіпсіздіктің тиісті деңгейін қамтамасыз етпейтін жаңа зертханалық әдістемелерді, жабдықтардың түрін, дезинфектанттар мен басқа да осыған ұқсас іс-әрекеттерді пайдалануды тоқтату немесе тыйым салу туралы рұқсат берген ұйымның алдында дәлелденген өтініш жасайды;

6) комиссия отырыстарында бөлімше басшыларын, ұйым қызметкерлерін тыңдайды.

«Микробиологиялық, паразитологиялық зертханаларды жобалауға, салуға, реконструкциялауға, күтіп-ұстауға және жұмыс істеу жағдайларына қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар» санитариялық ережесіне  
6-қосымша

**Патогендік топтары бойынша адам үшін патогенді микроорганизмдердің  
жіктеуі**

№ р/с	Микроорганизмдер атауы	Аталған микроорганизмдер тудыратын ауру
Бактериялар		
I-топ		
1.	<i>Yersinia pestis</i>	оба
II-топ		
1.	<i>Bacillus anthracis</i>	Күйдіргі
2.	<i>Brucella abortus</i> <i>Brucella melitensis</i> <i>Brucella suis</i>	Сарып (Бруцеллез)
3.	<i>Francisella tularensis</i>	Туляремия
4.	<i>Legionella pneumophila</i>	Легионеллез
5.	<i>Pseudomonas mallei</i>	Сап
6.	<i>Pseudomonas pseudomallei</i>	Мелиоидоз
7.	<i>Vibrio cholerae</i> 01 токсигенді <i>Vibrio cholerae non 01</i> токсигенді	Тырысқак
III-топ		
1.	<i>Bordetella pertussis</i>	Көкжөтел
2.	<i>Borrelia recurrentia</i>	Соқпа сүзек
3.	<i>Campylobacter fetus</i>	Абсцесстер, септицемиялар
4.	<i>Campylobacter jejuni</i>	Энтерит, холецистит, септицемия
5.	<i>Clostridium botulinum</i>	Ботулизм
6.	<i>Clostridium tetani</i>	Сіреспе
7.	<i>Corynebacterium diphtheriae</i>	Дифтерия
8.	<i>Erysipelothrix rhusiopathiae</i>	Эризипелоид
9.	<i>Helicobacter pylori</i>	Гастрит, асқазан және ұлтабардың ойық жара ауруы
10.	<i>Leptospira interrogans</i>	Лептоспироз
11.	<i>Listeria monocytogenes</i>	Листерия
12.	<i>Mycobacterium leprae</i>	Алапес
13.	<i>Mycobacterium tuberculosis</i> <i>Mycobacterium bovis</i> <i>Mycobacterium avium</i>	Туберкулез
14.	<i>Neisseria gonorrhoeae</i>	Гонорея
15.	<i>Neisseria meningitidis</i>	Менингит
16.	<i>Nocardia asteroides</i>	Нокардиоз

17.	<i>Pasterella multocida, haemolytica</i>	Пастереллез
18.	<i>Proactinomyces israelii</i>	Актиномикоз
19.	<i>Salmonella paratyphi A</i>	А паратифі
20.	<i>Salmonella paratyphi B</i>	В паратифі
21.	<i>Salmonella typhi</i>	Іш сүзегі
22.	<i>Shigella spp.</i>	Дизентерия
23.	<i>Treponema pallidum</i>	Сифилис
24.	<i>Yersinia pseudotuberculosis</i>	Жалған туберкулез
25.	<i>Vibrio cholerae</i> 01 (токсигенсіз)	Диарея
26.	<i>Vibrio cholerae non 01</i> (токсигенсіз)	Диарея, жарақат инфекциялары, септицемиялар және басқалары
IV-топ		
1.	<i>Aerobacter aerogenes</i>	Энтерит
2.	<i>Bacillus cereus</i>	Тамақ уытты инфекциялары
3.	<i>Bacteroides spp</i>	Өкпе абсцесі, бактериемия
4.	<i>Borrelia spp.</i>	Кене спирохетозы
5.	<i>Bordetella bronchiseptica</i> <i>Bordetella parapertussis</i>	Бронхосептикоз Көкжөтел тәрізді аурулар (паракоклюш)
6.	<i>Campylobacter spp</i>	Гастроэнтерит, гингивит, периодонтит
7.	<i>Citrobacter spp</i>	Жергілікті қабыну процестері, тамақ уытты инфекциялары
8.	<i>Clostridium perfringens, Clostridium novyi, Clostridium septicum, Clostridium histolyticum, Clostridium bifermentans.</i>	Газды гангрена
9.	<i>Escherichia coli</i>	Энтерит
10.	<i>Eubacterium endocarditidis</i>	Сепсистік эндокардит
11.	<i>Eubacterium lentum</i> <i>Eubacterium ventricosum</i>	Қайталама септицемия, абсцестер
12.	<i>Flavobacterium meningosepticum</i>	Менингит, септицемия
13.	<i>Haemophilus influenza</i>	Менингит, пневмония, ларингит
14.	<i>Hafnia alvei</i>	Холецистит, цистит
15.	<i>Klebsiella ozaenae</i>	Озена
16.	<i>Klebsiella pneumoniae</i>	Пневмония
17.	<i>Klebsiella rhinoscleromatis</i>	риносклерома
18.	<i>Mycobacterium spp.</i> <i>Mycobacterium photochromogens</i> <i>Mycobacterium scotochromogens</i> <i>Mycobacterium nonphotochromogens</i> <i>Mycobacterium rapid growers</i>	Микобактериоздар
19.	<i>Mycoplasma hominis</i> 1 <i>Mycoplasma hominis</i> 2 <i>Mycoplasma pneumoniae</i>	Жергілікті қабыну процестері, пневмония
20.	<i>Propionibacterium avidum</i>	Сепсис, абсцестер

21.	<i>Proteus spp.</i>	Тамақ уытты инфекциясы, сепсис, жергілікті қабыну процестері
22.	<i>Pseudomonas aeruginosa</i>	Сепсис, жергілікті қабыну процестері
23.	<i>Salmonella spp.</i>	Сальмонеллез
24.	<i>Serratia marcescens</i>	Сепсис, жергілікті қабыну процестері
25.	<i>Staphylococcus spp.</i>	Тамақ уытты инфекциясы, септицемия, пневмония
26.	<i>Streptococcus spp</i>	Пневмония, тонзиллит, полиартрит, септицемия
27.	<i>Vibrio</i> <i>Vibrio</i> <i>Vibrio</i> <i>Vibrio</i> <i>Vibrio</i> <i>Vibrio alginolyticus</i>	<i>spp.</i> , <i>parahaemolyticus</i> , <i>mimicus</i> , <i>fluviatilis</i> , <i>vulnificus</i> , Диарея, тамақ уытты инфекциясы, жара инфекциясы, септицемия және басқалар
28.	<i>Yersinia enterocolitica</i>	Энтерит, колит
29.	<i>Actinomyces albus</i>	Актиномикоз
Риккетсиялар		
II-топ		
1.	<i>Rickettsia prowazekii</i>	Эпидемиялық бөртпе сүзек, Брилл ауруы
2.	<i>Rickettsia typhi</i>	Егеуқұйрық бөртпе сүзегі
3.	<i>Rickettsia rickettsii</i>	Тасты таулардың көгала безгегі
4.	<i>Rickettsia tsutsugamushi</i>	Цуцугамуши безгегі
5.	<i>Coxiella burnetii</i>	Коксиеллез (Ку безгегі)
III топ		
1.	<i>Rickettsia sibirica</i>	Солтүстік Азия кене бөрте сүзегі
2.	<i>Rickettsia conorii</i>	Жерорта теңізі ала қызбасы
3.	<i>Rickettsia sharoni</i>	Израиль қызбасы
4.	<i>Rickettsia sp. Now?</i>	Астрахань қызбасы
